

Қазақстан Республикасының тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды Аманкелді ауданының шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Аманкелді ауданы әкімінің 2010 жылғы 18 қаңтардағы № 2 шешімі.
Қостанай облысы Аманкелді ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 3 ақпанда № 9-6-105 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағы, 13) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабына сәйкес
Ш Е Ш Т І :

1. 2010 жылдың қаңтар-наурызында "Аманкелді ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне Қазақстан Республикасының тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды Аманкелді ауданының шақыру учаскесіне тіркелуі ұйымдастырылсын және
қ а м т а м а с ы з е т і л с і н .

2. Қостанай облысы Денсаулық сақтау басқармасы "Аманкелді аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны бас дәрігеріне (келісім бойынша) "Аманкелді ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірлесіп тіркеу жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Село, ауыл және ауылдық округ әкімдері:

- 1) тіркеуден өту үшін комиссияға азаматтардың келуін қамтамасыз етсін;
- 2) азаматтарды шақыру учаскесіне жеткізу үшін ілесіп жүретін адамдарды бөлсін, тасымалдаған кезде жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін шаралар қолдансын.

4. "Аманкелді ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды Аманкелді ауданының шақыру учаскесіне тіркеуді өткізу жөніндегі медициналық комиссия қызметін қаржыландыруды қамтамасыз етсін, сол сияқты аудандық бюджет есебінен белгіленіп бөлінген қаржы көлемінде емдеу-сауықтыру мекемелерінде медициналық тексеру шараларын қаржыландыруды шешуді жүзеге асырсын.

5. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С.
Х а й р у л л и н г е ж ү к т е л с і н .

6. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аманкелді ауданының әкімі

С. Ахметов

КЕЛІСІЛДІ:

"Аманкелді аудандық қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
----- А. Тлегенов

2010.01.18

Қостанай облысы Денсаулық
сақтау басқармасы "Аманкелді
аудандық орталық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорнының бас дәрігері
----- Р. Есмағанбетов

2010.01.18

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК